

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

18.12.2025 ж.

Комиссия төрағасы: Сарсенов Б.Т. – PhD, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

1. Кошанова Майра Данибековна – техн.ғ.к., доцент;
2. Сейтов Бекболат Жуманович – PhD, аға оқытушы;
3. Сарбаева Қарлыға Тұрсынбайқызы – х.ғ.к., аға оқытушы;
4. Исаев Ғани Исаұлы – техн.ғ.к., доцент;
5. Тлеукеев Ерлан Дарданбаевич – аға оқытушы;
6. Қатпаева Қаракөз Абдисейтовна – PhD, аға оқытушы;
7. Абишова Гулжан Уринбасаровна – аға оқытушы;
8. Сарбаева Макпал Тұрсынбаевна – PhD, аға оқытушы;
9. Уксикбаев Еркебулан Зейнуллаевич – докторант;
10. Төлбасы Салтанат Ермахамбетқызы – магистрант;
11. Елтияр Перуза Бақытжанқызы – студент;
12. Киянбекова Айдын Мадияровна – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі әдіскері.

Хатшы: Полатұлы Серік – PhD, аға оқытушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу.
2. ББ пәндерінің оқу әдебиеттеріне дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуіне қадағалау.
3. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайтында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Сарсенов күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін кафедра меңгерушілеріне берді. Кафедра меңгерушілері білім беру бағдарламаларындағы жалпы, кәсіби және арнайы құзыреттер бойынша оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізілгендігін айтып өтті. Білім беру бағдарламаларындағы пәндердің оқыту нәтижелері ББ оқыту нәтижелерімен тығыз байланысты қарастырылғандықтан әрбір пәнді меңгеру арқылы білім алушы ББ оқыту нәтижесіне қол жеткізетіндігін айтып өтті. Кафедра меңгерушілері барлық ББ оқыту нәтижелеріне мониторинг және талдау жұмыстарын жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

«Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы Б.Ж.Сейтов: Оқытушылар дайындайтын силлабусқа курс оқу бағдарламасына сәйкес келуі, курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен айқын байланысуы, ПОН-ның білім алушыға бағдарлануы, олардың қызығушылығын тудыруы, ПОН Дублин дескрипторларына

сәйкес және Блум таксономиясы негізінде әзірленуі, силлабуста оқыту әдістері және бағалау критерийлері білім алушыға ПОН-не жету дәрежесін бағалау мәселелерін де қарастыруымыз қажет.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесіне сай пәннен күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерін (ОН) келешекте университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен байланыстыру қажет. Сол мақсатта силлабус әзірлеу барысында қарастыруымыз керек.

«Экология және химия» кафедрасының меңгерушісі К.Т.Сарбаева: Пәндердің оқыту нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында оқытушылар әр сабақ барысында силлабуста қарастырылған әдіс-тәсілдерді тақырыптың ерекшелігіне, білімгерлердің қызығушылығына байланысты қолдану арқылы ПОН игеруге бағытталады. Силлабуста көрсетілетін сабақта қолданылатын әдістер нақылдануы қажет. Бұл оқытудың тиімділігін арттырады.

«Математика» кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қошанова М.Д.: Әр пәнде игерілген құзыреттерге сай оқытудың соңғы нәтижелері когнитивті домен (Bloom), психомоторлы домен (Simpsons), аффективті домен (Kratwohl) сәйкес қалыптасады. Оқу жетістіктерін есепке алудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі, білім алушыларды дәстүрлі бағалау шкаласына қарай Әріптік жүйе бойынша, баллдардың сандық эквиваленті, баллдар (%-түрінде), дәстүрлі жүйе бойынша баға арқылы Дублин дескрипторларына сәйкес бағаланады. Ендеше бағалау критерийіне сәйкес білімді бақылау кестесінде таңдап алынған бақылау түрлеріне сәйкес деңгейлері мен критерийілері нақты болуы керек.

«Биология» кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ғ.И.Исаев: Силлабуста оқыту әдістері және бағалау критерийлері білім алушыға ПОН-не жету дәрежесін бағалауға мүмкіндік беруі керек. Білім алушы оны жақсы түсінуі қажет.

Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің төрайымы М.Т.Сарбаева: Академиялық кезең бойы оқытушы-профессорлар педагогикалық жүктемеге сай пәнді оқыту формаларына сәйкес силлабуста көрсетілген тақырыптар бойынша әр апта сайын өтілетін сабақ барысында оқыту нәтижелерімен таныстырып, оларға қол жеткізуде қолданылатын әдіс-тәсілдерді қарастырады. Сонымен қатар, бағалау критерийіне сәйкес білімді бақылау кестесінде таңдап алынған бақылау түрлеріне сәйкес деңгейлері мен критерийілері нақты көрсетіледі.

ОПҚ силлабустарының білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін анықтау барысында, ББ негізінде күтілетін оқыту нәтижелері пәннің силлабусындағы көрсетілген оқыту нәтижелерімен тікелей жүйелі түрде байланысқан. Курсты оқыту барысындағы оқыту нәтижелері дәріс, зертханалық, практикалық (семинар) сабақтардың оқыту мазмұнын қамтиды.

Шешім: Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуі мониторингін жүргізу ұдайы бақылансын. Жауаптылар кафедра меңгерушілері.

2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Сарсенов: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады. «ББ пәндерінің оқу әдебиеттеріне дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуіне қадағалау» сұрағы бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Сарсенов сөз алып, кафедра оқытушылары өздерінің шығарған оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдарын (кафедраларда ББ оқулықтармен қамтудың жоспары дайындалған) және электронды нұсқадағы кітаптарды баспадан шығарып, университет кітапханасына өткізіп жатқандығын айтып өтті. 1 – қосымшаға сәйкес оқулықтар мен оқу құралдарының және қол жетімді электронды кітаптар мәліметі толтырылып, кітапхана мамандары тексергендігін айтып өтті. Сонымен қатар 1 – қосымша бойынша ББ пәндеріне қажетті кітапханада жоқ оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алу үшін университет кітапханасына ұсыныс берілгендігіне тоқталып өтті.

№	Кафедра	Білім беру бағдарламалар атауы	Тексерілгені туралы мәлімет	Толық біткені
1	Биология	6B01513 Биология	+	+
2		6B01513 Биология (IP)	+	+
3		6B05146 Биология	+	+
4		6B05169 Биотехнология	+	+
5		7M01507 Биология	+	+
6	Математика	6B01509 Математика	+	+
7		6B01509 Математика (IP)	+	+
8		6B01573 Информатика (IP)	+	+
9		6B05449 Математика	+	+
10		7M01547 Математика	+	+
11		7M05426 Математика	+	+
12		6B01573 Информатика	+	+
13		7M01557 Информатика	+	+
14		8D01516 Информатика	+	+
15	Физика	6B01510 Физика	+	+
16		6B01510 Физика (IP)	+	+
17		6B05348 Физика	+	+
18		7M01506 Физика	+	+
19		7M05325 Физика	+	+
20		8D01503 Физика	+	+
21	Экология және химия	6B01512 Химия	+	+
22		6B01512 Химия (IP)	+	+
23		6B01562 Химия-Биология	+	+
24		6B01514 География	+	+
25		6B01514 География (IP)	+	+
26		6B05247 Экология	+	+
27		7M01535 Химия	+	+
28		7M05223 Экология	+	+

Шешім: ББ пәндерінің оқу әдебиеттеріне дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілу қанағаттанарлық деп есепке алынсын. Жауаптылар кафедра меңгерушілері.

3. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Б.Сарсенов: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады. Өз сөзінде университет сайтында орналасқан факультет пен кафедралардың парақшаларына аудит жүргізілгенін және барлық кемшіліктер жойылғаны туралы айтты. Сонымен бірге, факультет пен кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттарды университет сайтында мерзімді жаңартылуын қадағалау қажеттігі айтылды.

Шешім: Факультет, кафедра сайттары уақытылы жаңартылып, хабарландырулар мен жаңалықтар жарияланып тұрсын. Жауаптылар кафедра меңгерушілері.

Мәжіліс төрағасы:



Б.Сарсенов

Мәжіліс хатшысы:



С.Полатұлы